

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 139 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 шілдеде № 28742 болып тіркелді

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3266 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*А. Жетпісбай*

Түркістан облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 30 маусымдағы  
№ 139 қаулысына қосымша  
Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 13 шілдедегі № 217  
қаулысына қосымша

**Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі**

Сатып алынған сүт үшін, теңге/ килограмм	Сары май өндіру үшін 35	Қатты ірімшік өндіру үшін 21
---------------------------------------------	----------------------------	---------------------------------